

## ХИМИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Байкенов М.И., Ибраев М.К., Татеева А.Б.  
Академик Е. А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті

XX ғасырдың 70-жылдарында Қарағанды өңірі Қазақстанда химия ғылымын дамыту бойынша жетекші аймақтардың бірі болды. Қарағандыда химик - мамандар қажет болатын көптеген зауыттар жұмыс істеді. Сонымен қатар, Қарағанды мен облыстың орта мектептерінде химия пәні мұғалімдерінің жетіспеушілігі қатты сезілді. Мұның бәрі аймақты білікті кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білім беру құрылымын құруға негіз болды. Мәселен, 1972 жылы Қарағанды педагогикалық институтының жаратылыстану-ғылыми факультетінің Химия кафедрасының базасында Е.А. Бөкетова атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің химия факультеті ұйымдастырылды. Бастапқыда химия факультетінің құрамына үш кафедра кірді - Бейорганикалық, физикалық және органикалық химия, бірнеше зертханалары бар. Бүгінде химия факультетінде төрт кафедра, оқу және ғылыми-зерттеу зертханалары, химиялық мәселелер институты, «Физика-химиялық зерттеу әдістері» инженерлік профилды зертхана бар, онда химия ғылымдарының докторы мен кандидаттары, PhD докторлары еңбек атқарады.

Әр жылдары факультетті химия ғылымдарының кандидаттары, доценттер Р.Г. Омарова, Е.Г. Гафуров, М.И. Жамбеков, химия ғылымдарының докторлары, профессорлар А.В. Казанцев, О.Ш. Құрманалиев, А.С. Масалимов, М.К. Алдабергенов, М.М. Матаев, Е.М. Тажбаев, М.Ж. Буркеев басқарды. Факультеттің ғылыми бағыттарын ұйымдастыруда, қалыптастыруда, анықтауда және дамытуда университеттің бірінші ректоры, жетекші ғалым - металлург, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты академик Е.А. Бөкетов үлкен рөл атқарды. Евней Арыстанұлы Бөкетов 1972-1983 жылдар аралығында Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болып, физикалық химия кафедрасын басқарды. 1976 жылы Қазақстанда бірінші болып халькогендер мен халькогенидтердің химия және технология ғылыми мектебін ұйымдастырды.

1978 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті мен химия-металлургия институтының базасында халькогендер мен халькогенидтердің химиясы мен технологиясы бойынша Бүкілодақтық кеңес өткізілді, ол кейіннен көптеген жылдар бойы тұрақты түрде өткізілді. Академик Е.А. Бөкетов "Минералды шикізат пен өнеркәсіптік өнімдерді өңдеудің теориялық негіздері" тақырыбын әзірлеумен белсенді айналысты.

Қарағанды мемлекеттік университетінің химия факультетінің Қазақстанның жетекші ғылыми орталықтарының бірі ретінде қалыптасуына ректор (1983-1988 жж.), ҚР ҰҒА академигі, ғылымның еңбек сіңірген қайраткері Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов үлкен үлес қосты, ол Қазақстанда алғаш рет Қарағанды мемлекеттік университетінің химия

факультетінің базасында кванттық химия кафедрасын құрды. 1983 жылы химия факультетінде Бүкілодақтық кванттық химия және спектроскопия мектебі ашылды.

Химия факультетінің одан әрі қызметі мен дамуы акад. Е.А. Бөкетов ат. ҚарМУ-де жұмыс істейтін ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты.

Техника ғылымдарының докторы, профессор Вениамин Павлович Журавлев, акад. Е.А. Бөкетов ат. ҚарМУ 1980 жылдан 1982 жылға дейін ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, 1980 жылы коллоидтық химия және экология кафедрасын ашып, қоршаған ортаны қорғау бойынша ғылыми бағыт құрады.

ҚР ҰҒА Академигі, Химия ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Жұрынұлы Жұрынов, акад. Е.А. Бөкетов ат. ҚарМУ ғылыми және оқу жұмысы жөніндегі проректоры (1982-1985), электрохимия және электрохимиялық талдау әдістері бойынша ғылыми бағыт жасады.

ҚР ҰҒА академигі минералды шикізатты кешенді өңдеу жөніндегі ұлттық орталықтың бас директоры Абдрасул Абдашевич Жарменов аналитикалық химия кафедрасын (1984-1986 жж.) басқара отырып, "Түсті металлургияда электрохимиялық әдістерді қолдану" ғылыми бағытын құрды.

ҚР ҰҒА академигі Арыстан Мәуленұлы Ғазалиев, ҚарМУ-де Органикалық химия кафедрасының доценті (1977-1981 жж.), ал 1996-1998 жж. аралығында ҚарМУ-дың бірінші проректоры болып қызмет атқарды, 1997 ж. 02.00.03 – Органикалық химия мамандығы бойынша кандидаттық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңестің ашылуына басшылық етті, онда химия факультетінің бірнеше түлектері кандидаттық диссертацияларды қорғады.

Химия факультетінде қалыптасу және даму кезеңінде Қазақстанның жетекші ғалымдары профессорлар Б.К. Қасенов, В.П. Малышев, М.Ш. Шарипов, В.Г. Шкодин, Г.В. Макаров, В.Г. Стряпков, А.Д. Кагарлицкий, К.А. Аяпбергенов, М.И. Бакеев, М.Ж. Буркеев және басқалар еңбек етті. Өз уақытында химия факультетінде жұмыс істеген көптеген ғалымдар жақын және алыс шетелдерде жұмыс істеуді жалғастыруда. Олардың ішінде профессорлар Б.Ф. Минаев (Швеция), М.З. Угорец (Израиль) С.А. Безносюк., А.В. Серебренников, А.В. Цыцура (Ресей), Е.В. Отращенко (Германия) және басқалар. Қазіргі уақытта химия факультетінің түлектері Қазақстанның барлық өңірлерінде, жақын және алыс шет елдерде жұмыс істейді, жоғары оқу орындарын, ғылыми-зерттеу институттарын басқарады, орта және орта арнаулы оқу орындарының директорлары мен мұғалімдері, өндірістік зертханалардың меңгерушілері, мемлекеттік және коммерциялық құрылымдардың басшылары болып табылады.

ҚР ҰҒА академигі С.М. Адекенов – химия факультетінің түлегі – "Арглабин" ісікке қарсы препаратын жасаушы, ҚР ҰҒА Фитохимия институтының негізін қалаушы және директоры, химия факультетінде сабақ беруді жалғастыра отырып, "Табиғи қосылыстар химиясы" арнайы курсы

жүргізеді, факультет аспиранттары мен ғылыми қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмысын басқарады.

Химия факультетінің ғылыми-зерттеу дәстүрлері химия саласындағы жетекші ғалымдардың, соның ішінде х.ғ.д., профессор М.Ж. Буркеев – Е.А. Бөкетов ат. ҚарУ-дың Ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, химия факультетінің деканы болып еңбек атқарған; х. ғ. д., профессор М.И. Байкенов – Е.А. Бөкетов ат. ҚарУ химия факультетінің Химиялық технология және мұнайхимия кафедрасының меңгерушісі, қазыргы күнде Химик-зерттеуші; х. ғ. д., профессор Л.К. Салькеева – Органикалық химия және полимерлер кафедрасының меңгерушісі; т.ғ.д., профессор К.Т. Жұмашев – Ж. Н. Әбішева ат. ХМИ зертханасының меңгерушісі.; х.ғ. д., профессор С.Д. Фазылов – ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Органикалық синтез және көмір химиясы институты директорының орынбасары; х.ғ.д., профессор О.Т. Нүркенов –Органикалық синтез және көмір химиясы институтының зертхана жетекшісі; Б.И. Төлеуов ҚР ҰҒА академигі, х.ғ.д. профессор, "Фитохимия""ХҒӨХ" АҚ зертхана меңгерушісі

Факультеттің ғылыми–өндірістік өмірі әрқашан қанықтылығымен және жаңашылдығымен ерекшеленді. Сонымен, 1979 жылы кадрлар даярлаудағы еңбегі және жемісті ғылыми-педагогикалық қызметі үшін факультет Қарағанды мемлекеттік университетінің Құрмет Кітабына енгізілді. 1987 жылы коллоидтық химия және мұнайхимия кафедрасының ұжымы Мәскеудегі Халық шаруашылық жетістіктерінің көрмесінде бүкілодақтық байқауында қола медальмен марапатталды.

Әр жылдары химия факультетінің келесі қызметкерлеріне "ҚР Білім беру ісінің үздігі" атағы берілді: 1992 жылы – х.ғ.к., профессор М.И. Жамбековқа; 1997 жылы – х.ғ.д., профессор О.Ш. Құрманалиевқа; 2005, 2006 жылдары "ҚР ғылымын дамытудағы еңбегі үшін" төс белгілері х.ғ.д., профессорлар А.С. Масалимов, М.Ж. Буркеев, М.И. Байкеновқа табысталды; 1996 жылы "ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері" атағы х. ғ. д., профессор А.Д. Кагарлицкийге берілді; 2000 жылы ҚР БҒМ Құрмет грамоталарымен – х.ғ.д., профессор А.В. Казанцев, х.ғ. к., доцент М.М. Ақсартов марапатталды; 2002 жылы "ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері" төс белгісімен х.ғ.д., профессор Қ.Т. Рүстембеков марапатталды. ҚР БҒМ Құрмет грамотасымен 2006 жылы т.ғ.к., доцент Х.Б. Омаров марапатталды. Байкенов М.И. ҚР Минералдық ресурстар академиясының академик Е.А. Бөкетов атындағы сыйлығының лауреаты 2011ж.; х.ғ.к., профессор Жұмағалиева Т.С. Жаратылыстану ғылымдар саласындағы үздік ғылыми жұмысы үшін Тұңғыш Президент Қорының грантиегері 2012 ж.; х.ғ.д., профессор Тажбаев Е.М. – ҚР БҒМ "Ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін" 2012ж төс белгісімен және 2016ж А. Байтұрсыновтың күміс медалімен марапатталған; Байкенов М.И. «Химия өнеркәсібінің үздік қызметкері» төс белгімен марапатталды-2018ж. Абуляисова Л.К. Ғылым және жоғары Білім министрінің Алғыс хаты 2022 берілген;

Байкенов М.И. – ҚР Ғылым және жоғары Білім министрінің Құрмет грамотасы 2023 иегерлері.

"ЖОО үздік оқытушысы" байқауының жеңімпаздары және ҚР БҒМ грантының иегерлері: х.ғ.д., профессор А.С. Масалимов – 2005ж; х.ғ.д., профессор Л.К.Салькеева – 2005, 2010жж; х.ғ.д., профессор М.И. Байкенов – 2005, 2010жж; х.ғ.д., профессор Ш.К. Амерханова - 2007, 2012жж; х.ғ.д., профессор М.Ж. Буркеев – 2011 х.ғ.д., профессор Е.М.Тажбаев – 2007, 2011жж; х.ғ.д. профессор Рустембеков К.Т. – 2011ж; х.ғ.к., профессор С.О. Кенжетаева – 2012; х.ғ.д. профессор Нурлан Мерхатұлы – 2014ж; х.ғ.к.; профессор Жумағалиева Т.С., х.ғ.к., профессор Г.Т. Кокибасова – 2015ж; х.ғ.к.; профессор Л.М. Сугралина, х.ғ.к., доцент А.С. Уали – 2016ж; х.ғ.к., профессор Л.К. Абуляисова, х.ғ.к., доцент А.Т. Дюсекеева, х.ғ.к., профессор А.В. Омашева, х.ғ.к., профессор А.Б. Татеева – 2017ж; доценттер к.х.н. Минаева Е.В., к.х.н. Муратбекова А.А. – 2018ж; PhD докторы Буркеева Г.К. – 2019ж; к.х.н. Б.Н. Каримова - 2020ж; х.ғ.к., профессор Мукушева Г.К. – 2022 ж.

Әр жылдардағы талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендия иегерлері: Е.М.Тажбаев, И.А. Пустолайкина, С.К. Жокижанова, С.К., Нурмаганбетова Н.Т., Әубәкірова А.Ж., Абсат З.Б., Серикпаева Д.С., Сатпаева Ж.Б..

Химия факультеті бүгінде төрт бітіруші кафедрадан, ғылыми-зерттеу институтынан, проблемалық ғылыми-зерттеу зертханаларынан тұратын аймақтағы ең ірі ғылыми орталық болып табылады. Дәрежелілік деңгейі бойынша факультет Орталық Қазақстан өңірінде тендесі жоқ.

Химия факультетінде ғылыми және педагогикалық қызметті ҚР жетекші ғалымдары жүзеге асырады, олардың ішінде С.М. Адекенов - ҚР ҰҒА академигі, А.С. Масалимов - ҚР ҰҒА құрметті академигі; М.Ж. Буркеев, Е.М. Тажбаев - ҚР ҰҒА корреспондент - мүшелері

ҚР 13.07.97 ж. № 202-1 "Еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы "Конвенцияны ратификациялау туралы" Заңына сәйкес" химия факультеті 2004 ж. 1 қыркүйегінен бастап білім берудің кредиттік жүйесіне көшті. Қазіргі уақытта химия факультеті маман, бакалавр, магистр біліктілігін бере отырып, желілік және кредиттік оқыту жүйелері бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады. Факультет Ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауда магистратура және докторантура институттары арқылы жалғастыруда.

Химия факультетінде ҚР Ғылым және жоғары Білім министрінің қаржыландыруымен жүргізілген ғылыми жобалардың саны жылдан жылға өсуде. Факультеттің материалдық-техникалық базасы жоғары білікті мамандарды дайындаудың және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің заманауи талаптарына сәйкес келеді.

Факультет мамандықтар бойынша бакалаврларды оқыту жүзеге асырады:

- 6В01507 – Химия, 6В01508 – Химия-Биология, 6В05301 – Химия, 6В07201 – Фармацевттік өндіріс технологиясы, 6В05302 – Фундаменталды

химия, 6B05303 – Химия және химиялық инжиниринг, 6B07203 – Мұнай өңдеу өнеркәсібінің технологиясы, 6B07101 – Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы;

- мамандықтар бойынша магистратура: 7M01504 – Химия, 7M05301 – Химия, 7M07102 – Химия және химиялық инжиниринг, 7M07103 – Мұнай химиясы, 7M07101- Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы;

-докторантура PhD – 8D05301 – Химия,.

Бүгін Е. А. Бөкетов атындағы ҚарУ химия факультетінде студенттен PhD докторына дейінгі жолды өтуге болады. ҚР ҒБМ Білім саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің шешімімен ҚарУ химия факультеті базасында 8D05301/6D060600/8D05308901 мамандықтары бойынша бірлескен диссертациялық кеңес ашылды.

«Eurasian Journal of Chemistry» (p-ISSN [2959-0663](#), e-ISSN [2959-0671](#)) "Қарағанды университетінің хабаршысы" Серия "Химия" журналының құқықтық мирасқоры (Web of Science, Scopus, РИНЦ, ККСОН, p-ISSN 2518-718X, e-ISSN 2663-4872). Журнал 1996 жылдан бастап жарық көрді, химия саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін толық зерттеу мақалалары, сондай-ақ авторлық шолулар түрінде жедел жариялауға арналған халықаралық рецензияланған мерзімді басылым. Жарияланымдар ағылшын тілінде шығады, Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International (CC BY-NC-ND 4.0) лицензия шарттарына сәйкес және ашық қол жетімді (Gold Open Access) таратылады. Журналдың құрылтайшысы және баспагері академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

Бүгінгі таңда журнал келесі жүйелерде индекстеледі:

- [Scopus](#) (Q4);
- [Web of Science](#) (Q4, *Emerging Source Citation Index*);
- [CAS](#) (*Chemical Abstracts Service*);
- [CrossRef](#).

Журналдың әр мақаласына doi нысанының сандық идентификаторы тағайындалады. DOI журналы: <https://doi.org/10.31489/2959-0663>; [Google Scholar](#);